



## АТА-АНАЛАРМЕН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025-2026 оқу жылы

### Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты

- Инклюзивті білім беру жағдайында ата-аналарға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау көрсету, олардың мектептегі оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

### Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың міндеттері

- Ата-аналарды ерекше білім беруге қажеттілігі бар (ЕББҚ) балалардың оқу қиындықтарының көріністері мен себептері жөнінде ақпараттандыру, кеңес беру;
- Ата-аналарды балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарына белсенді тарту, ынтымақтастықта әрекет етуге бағыттау;
- Ата-аналарды ЕББҚ бар білім алушыларды оқыту процесінде және үй жағдайында қолдануға болатын психологиялық-педагогикалық қолдау тәсілдерімен таныстыру, практикалық көмек көрсету.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
1.	ЕББҚ ететін білім алушылардың ата-аналарымен әңгіме жүргізу. Бала туралы мағлұмат жинақтау	Қыркүйек	Арнайы педагог Педагог-логопед Педагог-психолог	Анықтама
2.	Ата-аналарға бағалаудың мақсаты, міндеттері мен әдістері туралы түсінік беру және қолдаудың түрлері жөнінде ақпараттандыру	Жыл бойы	Арнайы педагог	Ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы
3.	Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау және кеңес беру (жеке және топтық)	Сұраныс бойынша	Арнайы педагог	Ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы
4.	Семинар тақырыбы: «ЕББҚ бар оқушылардың үй тапсырмасын тиімді ұйымдастырудың әдістері мен ата-аналарға арналған ұсынымдар»	Қазан	Арнайы педагог	Ата-аналарға арналған ұсынымдар (үлестірмелі материалдар) Өткізілген жұмыстың анықтамасы
5.	Ата-аналарға арналған үлестірмелі материалдар дайындау: «Баланың танымдық	Желтоқсан	Арнайы педагог	Ата-аналарға арналған үлестірмелі материалдар

	процестерін (зейін, ес, ойлау) тиімді дамыту жолдары»			
6.	Ата-аналарға арналған семинар: «Мүмкіндігі шектеулі балаларды үй жағдайында қолдау: әдістер мен тәсілдер»	Сәуір	Арнайы педагог	Өткізілген жұмыстың анықтамасы
7.	Ата-аналармен жүргізілген жұмыстың қорытындысы	Мамыр	Арнайы педагог	Жылдық есеп

**Арнайы педагог Г.Сихымбаева**